

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 359 қаулысы.
01.01.2021 дейін қолданыста болды

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

01.01.2021 дейін қолданыста болды (2-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 27-28, 168-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 24-1-тармақпен толықтырылсын:

"24-1. Тиісті өндірістік практика (GMP) стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін иммундық-биологиялық препараттарды шығаратын биофармацевтикалық зауытты жобалауға және салуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлінген жағдайда өтінішхат жобалау-сметалық құжаттама ұсынылмай, жиынтық есептеулер қоса беріле отырып ұсынылады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап өз қолданысын тоқтатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин